




БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры

 Абдикерова Б. Х.
«27» 02 2023 жыл

**«Менің өлкем. Қарағанды облысы бойынша виртуалды саяхат»
облыстық байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Қарағанды қ.
2023 жыл

**«Менің өлкем. Қарағанды облысы бойынша виртуалды саяхат»
облыстық байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер

«Менің өлкем. Қарағанды облысы бойынша виртуалды саяхат» байқауы заманауи АКТ құралдарын оқытуда пайдалануды насихаттау, білім беру ұйымдарының педагогтері мен оқушыларының АКТ-құзыреттіліктерін меңгерудің тұрақты дағдыларын игеру және дамыту, сондай-ақ оқушылардың туған өлкемен тереңірек танысу мақсатында ұйымдастырылады. Қатысушылар жұмыс барысында өздерінің туған жері, көрікті жерлері, қасиетті жерлері, сәулеті, туған өлкесінің флорасы мен фаунасы туралы ақпараттарды kartakrg.kz сайтына (бұдан әрі-сайт) орналастырады.

Байқауға қатысу үшін облыс мектептерінің, Қарағанды облысының аудан және қала мектептерінің топтары шақырылады.

Жұмыс нысаны. Жобадағы жұмыс веб-квест түрінде жүзеге асырылады.

Білім беру веб-квесті (webquest) – бұл орындау үшін Интернеттің ақпараттық ресурстары қолданылатын, рөлдік ойын элементтері бар қызықты тапсырмалар. Байқауда веб-квесттерге арналған жұмыс алаңы – оқушылар мен педагогтер белгілі бір оқу тапсырмасын орындай отырып жұмыс істейтін сайт болып табылады. Веб-квест басталғаннан кейін қатысушыларға хостинг пен деректер базасына кіруге арналған құписөздер және зерттеулер, топтардың жұмысы, 3D панорамасына енгізілген сілтемелер, ютубтағы немесе басқа бейнехостингтегі Фильмдер, жергілікті жердің карталары және т.б. сипатталатын мақалалар жарияланатын сайтты орналастыруға арналған екінші деңгейдегі домен беріледі. Веб-квесттерді әзірлеу кезінде қатысушылар топпен жұмыс жасай отырып, мазмұнын пысықтайды, және бір немесе бірнеше пәндерді қамти отырып, виртуалды 3D модельдерді қамтитын өздерінің жұмыс нәтижелерін жариялауға дайындайды.

1.1. Осы Ереже байқаудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2. Байқаудың негізгі міндеттері:

1) педагогтердің, оқушылардың ақпараттық технологияларды, қызметтің жобалық әдістерін игеруге деген ынтасын арттыру;

2) АКТ-ны белсенді пайдалануға бейім оқушыларды анықтауға жәрдемдесу;

3) оқушылардың, педагогтердің шығармашылық дағдыларын дамыту;

4) оқушылардың АКТ және оқу-танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады.

1.3. Байқаудың бағыты: ғылыми-зерттеу.

1.4. Виртуалды тур құру үшін Panotour Pro бағдарламасын пайдалану қажет.

1.5. Басқа бағдарламалардың көмегімен жасалған жұмыстарды Байқаудың қазылар алқасы қарастырмайды.

1.6. Байқаудың ұйымдастырушысы – Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы болып табылады.

II. Байқауды ұйымдастыру нысаны және өткізу мерзімі

2.1. Оқушылардың зерттеу жұмысы «Менің өлкемнің үздік 3D-жобасы» тақырыбында екі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- Қатысушылар туған өлкенің көрікті жерлерін, қасиетті жерлерін, флорасы мен фаунасын зерттеуі қажет;
- Объектілерге маршруттары қамтылған 3D панорамасын жасау, сонымен қатар материалдарды берілген хостингке орналастыру.

2.2. Байқау екі кезеңде өткізіледі:

I кезең-аудандық/қалалық деңгей: 2023 жылдың 03-14 сәуір аралығында.

1. Мамандандырылған мектеп-интернаттары облыстық кезеңге қатысу үшін **2023 жылдың 14 сәуіріне дейін** 1 жұмыс жібереді. Байқауға қатысушы топтың жұмысы және өтінім **umc-ro@umckrg.gov.kz** электрондық мекен-жайына «**Менің өлкем. Қарағанды облысы бойынша виртуалды саяхат**» белгісімен қабылданады.

2. Қарағанды облысының орта білім беру ұйымдары қалалық/аудандық білім бөлімдеріне (бұдан әрі – білім бөлімі) жұмыстарын ұсынады.

Білім бөлімдері **2023 жылдың 14 сәуіріне дейін** облыстық деңгейге қатысу үшін 1 жұмыстан (аудандық/қалалық деңгейдегі жеңімпаз топтың жұмысы) ҚО ББД ОӘО **umc-ro@umckrg.gov.kz** электрондық мекен-жайына «**Менің өлкем. Қарағанды облысы бойынша виртуалды саяхат**» белгісімен жолдайды. Мектептерден тікелей ҚО ББД ОӘО-на жіберілген жұмыстар қабылданбайды.

II кезең-облыстық деңгей: 2023 жылдың 20 сәуірі.

2023 жылдың 20 сәуірінде ZOOM конференциясы арқылы облыстық байқаудың II кезеңі өтеді.

Байқаудың II кезеңінің нәтижелері бойынша облыстық деңгейдегі жеңімпаздардың жұмыстары **kartakrg.kz** сайтында орналастырылатын болады.

III. Байқауға қатысу шарттары мен тәртібі

3.1. Байқауға пән мұғалімдері, орта және жоғары сынып оқушылары қатысады.

3.2. Осы Ереженің негізінде Байқауды ұйымдастыру мен өткізуді басқаруды Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

3.3. Байқаудың қазылар алқасын ұйымдастыру комитеті автоматтандырылған құрастыру және жобалау саласында практикалық қызмет тәжірибесі бар білікті маман-сарапшылардан, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен жоғары оқу орындарының бейінді кафедраларының қызметкерлерінен құрады.

3.4. Қазылар алқасы:

- қатысушыларды байқауға қатыстыру;
- орындалған жұмыстарды бағалау;
- ұпайларды хаттамаға енгізу;
- жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау;
- байқауды ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу жұмыстарына жауап береді.

3.5. Байқау барысында тапсырмаларды орындаудағы күзiреттi тәсiл, байқау материалдарын орналастырудың техникалық ерекшелiктерi мәселелерi бойынша ұйымдастыру комитетiмен және топ жетекшiлерiмен онлайн кездесулер өткiзiледi.

3. 1. 1. I кезең-аудандық/қалалық деңгей:

Қатысушы топтың жетекшiсi (немесе бiрнеше жетекшiлерi) әртүрлi пәндiк дағдылары бар (АКТ-ға, ғылыми жұмысқа бейiмдiлiгi, ақпаратты талдай және жүйелей алатын) 4 оқушыдан тұратын шығармашылық тобын құрады.

Жеке жауапкершiлiк.

Жеке жауапкершiлiк тағайындалады, қатысушылардың тобында рөлдер бөлінедi, соған сәйкес белгiлi бiр жұмыс ауқымы орындалады:

- Веб-дизайнер – HTML немесе CMS сайттарының жұмыс iстеу дағдылары бар және 3D графикалық бағдарламаларымен жұмыс iстеу дағдылары бар қатысушы.

- Журналист – топтың басқа мүшелерiмен бiрлесiп зерттеу жүргiзетiн және жариялауға арналған материалды сауатты баяндайтын қатысушы.

- Зерттеушi – зерттелетiн аймаққа байланысты ерекшелiктердi - флора, фауна, көрiктi жерлер, сәулет және қасиеттi жерлердi зерттей алатын қатысушы немесе қатысушылар.

- PR менеджер – байланыс дағдылары бар, зерттеу жұмысының әлеуеттi демеушiлерiмен байланыс орнатуға, осы жобаға қатысуға кәсiпкерлер арасынан үшiншi тұлғаларды қызықтыруға қабiлеттi қатысушы.

Ұжымдық жауапкершiлiк.

Қатысушылар топта жұмыс iстей отырып, өздерiнiң зерттеу жұмыстары (сәулеттi ескерткiштер, көрiктi жерлер, флора, фауна және т.б.) туралы ақпаратты жинайды және жүйелейдi.

Байқаудың I кезеңiнде топ жетекшiсi Веб-дизайнермен бiрлесiп, «Бегет» ЖШҚ «Тегiн хостинг» (одан әрi – Сервис) сервисiн толтырады (Нұсқаулық қоса берiледi). Қатысушылар сервиске өздерiнiң құрған панорамалары мен белгiлерiн, сондай-ақ өз жұмысы туралы әртүрлi ақпаратты және өз қалауы бойынша кез келген басқа ақпаратты орналастырады.

I кезеңдi бағалау критерийлерi:

- эстетикалық (0-2 ұпай);
- фотосурет сапасы (0-2 ұпай);
- белгiлердi, анимацияларды, өтулердi пайдалану (0-2 ұпай);
- дыбыстық эффектiлердi қолдану (фондық музыка, нұқу дыбыстары және т.б.) (0-2 ұпай);
- идеяның өзiндiк ерекшелiгi (0-2 ұпай).

3.1.2. II кезең-облыстық деңгей:

Байқаудың II кезеңiнде қазылар алқасы қалалық/аудандық бiлiм бөлiмдерiнен түскен жұмыстарды қарастырады.

Әр топ стендтiк қорғауға арналған презентация дайындайды.

Баяндамашы стендтiк қорғау жүргiзудiң барлық кезеңiнде өзiнiң стендiнiң (ноутбугының) жанында тұрып, сарапшыларға, қонақтарға жобаны iске асыру мәселелерi бойынша толық ақпарат беруге дайын болуы тиiс. Жобаны қорғау уақыты – 3-5 минут.

II кезеңді бағалау критерийлері:

II кезеңді бағалау екі ұстаным бойынша жүргізіледі:

• Бірінші ұстаным – зерттеудің техникалық жағы:

- Фотосуреттің болуы (түсірілім орны туралы ақпараттың болуы, орындылығы, ракурсты таңдау, түсіру техникасы, суреттің тиімділігі бағаланады). Фотосурет көрерменді таңқалдыруы, қызықтыруы қажет (0-2 ұпай);

- 3D панораманың болуы және сапасы (бастапқы кадрларды желімдеуді көрінетін орындардың болуы, надир және зениттің болуы, ең жақсы нүктені/бұрышты таңдау және т.б.) (0-2 ұпай);

- Безендіру. Виртуалды турда көрсетілетін кеңістік туралы ілеспе ақпарат (сипаттама) болуы тиіс. Көрсетілетін кеңістік үшін бірегей болып табылатын панорамада көрінетін орындарды, элементтерді, нысандарды және т.б. сипаттау үшін ақпарат нүктелерін пайдалану ұсынылады. Мысалы, панорамада белгілі бір ескерткіш көрінеді, оның атын көрсету, сілтеме беру, сипатталған объектіге қосымша фотосуреттер/бейне материалдарды орналастыруға болады және т. б. (0-2 ұпай);

- Белгілерді, анимацияларды, өтулерді пайдалану (0-2 ұпай);

- Дыбыстық эффекттерді қолдану (қажет болған жағдайда, ұпай үшін емес) (0-2 ұпай).

• Екінші ұстаным- жұмыстың зерттеу жағы:

- Материалды ұсыну ерекшелігі (0-2 ұпай);

- Тақырыптың сәйкестігі (0-2 ұпай);

- Топтық жұмысты ұйымдастыру (0-2 ұпай);

- Зерттеу аспектісі (0-2 ұпай);

- Жобаның тақырыптық көрсетілімінің тұтастығы (0-2 ұпай).

Байқау жеңімпаздарын жұмыстарды презентациялау қорытындылары бойынша бағалау критерийлеріне сәйкес байқаудың қазылар алқасы айқындайды. Нәтижелері umckrg.gov.kz сайтына жарияланатын болады.

• Байқаудың ұйымдастырушылары авторларды, басшыларды көрсете отырып, зерттеу жұмыстарының материалдарын пайдалану құқығын өзіне қалдырады.


• Ұйымдастырушылар қосымша номинациялар құруға құқылы, бұл туралы байқаудың Ұйымдастыру комитеті қатысушыларды хабардар етеді.

• Жеңімпаздарды марапаттау байқау аяқталғаннан кейін өткізіледі.

КЕЛІСІЛДІ

 **Аринов Е.Р.** директордың инновациялық оқыту түрлері және электрондық білім беру бойынша орынбасары.

 **Сартаева Ж.А.** инновациялық оқыту түрлері және электрондық білім беру бөлімінің меңгерушісі.

 **Мухамедьярова А.З.** білім беру мазмұнының стратегиялық дамуы және талдау бөлімінің меңгерушісі.